

БИДАЙБЕКОВ ЕСЕН ЫКЛАСОВИЧ



К 75-летию доктора педагогических наук, профессора, академика Российской академии информатизации образования, академика Международной академии информатизации РК, заведующего кафедрой Информатики и информатизации образования института Математики, физики и информатики Казахского национального педагогического университета имени Абая!

Концептуальные основы школьной информатики, вузовской информатики и информатизации образования, в том числе и цифровизации образования, в рамках всех педагогических специальностей исследуются последние 35 лет в рамках научной школы под руководством Есена Ыкласовича. Современная научная школа профессора Бидайбекова Е.Ы. включает 11 докторов наук, 31 кандидат наук и 4 доктора PhD.

Начало научного пути и вся дальнейшая научно-педагогическая деятельность профессора Бидайбекова Е.Ы. связаны с Казахским национальным педагогическим университетом, куда он пришел работать еще в 1984 году. До работы заведующим кафедрой он уже окунулся в научную среду Сибирского отделения академии наук СССР, где под руководством член-корр. РАН, профессора Романова В.Г. работает над кандидатской диссертацией, связанной с обратными задачами математической физики, и защищает ее успешно. Мировоззрение тогда еще молодого ученого формируется под влиянием российских ученых-педагогов член-корр. РАН, профессора Романова В.Г., академика АН СССР Лаврентьева М.А., казахстанских ученых-педагогов академиком НАН РК Султангазина У.М., академика Смагулова Ш.С., академика Отельбаева М.О., академика Кальменова Т.Ш. и др.

Большую роль в становлении проф Бидайбекова Е.Ы. как крупного ученого в области теории и методики обучения информатике и информатизации образования в РК сыграло тесное сотрудничество и многолетняя дружба с одним из основателей советской школьной информатики академиком РАО, профессором Лапчиком М.П. Совместная многолетняя плодотворная работа в указанных научных областях в целом, и над переводом учебного пособия Лапчика М.П. «Методика обучения информатике», с учетом особенностей и условий обучения информатике и информатизации образования в РК («Информатиканы оқыту әдістемесі»), послужила мощным импульсом для становления и развития теории и методики обучения информатике и информатизации образования в Казахстане.

Современные взгляды ученого-педагога и всей научной школы профессора Бидайбекова Е.Ы. формируются под значительным влиянием член-корр. РАН, профессора Кабанихина С.И., академика РАИ, академика АИО, член-корр СОМАШ ВШ, профессора Пак Н.И., член-корр. РАО, профессора Хеннер Е.К., член-корр. РАО, профессора Григорьева С.Г. Многие ученики переросли за эти долгие годы в соратников, коллег: академик НАН РК, профессор Балыкбаев Т.О., член-корр. РАО профессор Гриншкун В.В., академик МАИН РК Абдиев К.С., академик МАИН РК, профессор Нурбекова Ж.К. и др.

Влияние профессора Кубесова А.К. оказало колоссальное влияние уже на современного педагога-исследователя в рамках финансируемого МОН РК научного проекта «Әл-Фарабидің математикалық мұралары замануи білім беру жағдайында». Группа учеников с 2015 года начинает разрабатывать и внедрять педагогическое наследие математиков Казахстана в учебный процесс, методику обучения наследию Великого ученого аль-Фараби в рамках данного проекта.

Следует остановиться отдельно на роли научной школы в формировании содержания и методики преподавания школьного курса «Основы информатики и вычислительной техники» в Республике Казахстан с 1985 года, внедрении терминологии по информатике на казахском языке. По его инициативе в Республике Казахстан открываются новые специальности совмещенных с информатикой профилей. Сегодня педагог-новатор продолжает эту работу в области реализации программ послевузовского образования для подготовки докторантов и магистров педагогических наук по информатике. Каждое открытие новой специальности требует от Есена Ыкласовича и его учеников активного участия в разработке и внедрении учебных планов, Государственных стандартов образования, обновленных типовых программ, учебников нового поколения и учебно-методических пособий.

Список опубликованных научных трудов Есена Ыкласовича включает более 600 научных трудов, в том числе 70 монографий, учебников и учебно-методических пособий.

Научно-педагогическая деятельность Есена Ыкласовича высоко оценена и признана не только учеными-педагогами Республики Казахстан, но и учеными мирового сообщества. В знак признания в 1995 году награждается знаком Министерства образования и науки РК «Отличник образования РК», в 2004 году – знаком «Почетный работник образования РК»; в 2008 году – медалями: «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері»; в 2012 году медалью Ассоциация ВУЗов РК медалью им. А.Байтурсынова, в 2013 году – медалями: Европейской научно-промышленной палатой, Gold medal for exceptional «Achievements» (Brussels, Belgium), «Айрықша еңбегі үшін» КазНПУ им.Абая. В 2007 и 2012 годах был удостоен звания «Лучший преподаватель ВУЗа». В 2015 году награжден орденом «Құрмет».

Свой 75-летний юбилей профессор Бидайбеков Е.Ы. встречает в расцвете сил, он полон энергии для общественной деятельности. Потенциал его планов, перспективных идей далеко не исчерпан, и он его потратит на благо своего народа, своих продолжателей - учеников. Коллектив университета поздравляет доктора педагогических наук, профессора Бидайбекова Есена Ыкласовича с 75-летним юбилеем и желает ему дальнейших творческих успехов.

***Ректор КазНПУ им.Абая,
профессор Балыкбаев Т.О.***

Құрметті Есен Ықыласұлы!
Сізді 75-жылдық мерей тойыңызбен шын жүректен,
ыстық ықыласпен құттықтаймын!

Ғылым жолын сонау кеңестік кезеңдегі С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінен бастап, қазір еліміздегі, тіпті алыс-жақын шетелдерге белгілі ғалымға айналып, өмірдің сан алуан кезеңдерін бастан өткізіп, бүкіл күш-жігеріңізді ғылым мен білім беруге арнап келесіз. Сіздің қаламыңыздан шыққан ғылыми нәтижелеріңіз көптеген жас ғалымдар үшін математикалық физикадағы кері есептер саласындағы зерттеулерді әрі қарай жалғастыруына сентігін тигізді.

Қазақстан мектептері мен ЖОО-на Информатиканың пән ретінде енгізіліп, қазірде үлкен ғылымның бір саласы болып қалыптасуына сіңірген еңбегіңіз ұшан теңіз екенін бүкіл ғалымдар қауымы біледі және мойындайды. Соңғы жылдары Әл-Фараби бабамыздың математикалық мұраларын қазіргі математикалық және информатикалық білім беру мазмұнына енгізу жолында жасаған, жасап жүрген ғылыми жұмыстарыңызда өз жемісін беруде. Бұл жасаған еңбектеріңізді ұлтымыздың рухани жаңғыруына қосқан ерен еңбегіңіз деп білемін. Мен өз басым Сізді тек ғалым, ұстаз ғана емес, өте жақсы адам ретінде өте жоғары құрметтеймін.

Өзінің ғалымдығы мен ұстаздығын қатар ала жүріп жастарға үлкен істе ұлағаттық көрсетіп жүрсіз.

Құрметті Есен Ықыласұлы
Сізді салиқалы да, мерейлі 75 жасқа келген туылған күніңізбен,
шын жүректен құттықтаймын!

Өміріңіз шаттық пен нұрға толсын. Ұрпақты ғылымға тәрбиелеудегі еңбектеріңіз нәтижелі жемісін бере беруіне тілектеспін! Қызықты күндеріңіз көп болсын! Ұл-қыздарыңыздың, немерелеріңіздің қызығын көріп, Алла шөбере сүюді нәсіп етсін!

Құрметпен,
Физика-математика ғылымдарының докторы,
профессор, ҰҒА академигі

Мұқтарбай Өтелбайұлы



25.09.2020ж.

Дорогой Есен Ыкласович!

Сердечно поздравляю Вас с 75-летним юбилеем!

Вот уже 50 лет мы с Вами знакомы и плодотворно сотрудничаем. Вы начинали свою научную деятельность в Сибирском отделении Академии наук СССР с исследования новых и трудных обратных задач для квазилинейных уравнений. Успешное решение их легло в основу Вашей кандидатской диссертации. Затем Вы работали над задачей электромагнитного зондирования земных недр. В этой задаче у Вас были всемирно известные предшественники: академик А.Н. Тихонов и французский ученый-геофизик Л.Каньяр. Вся электроразведка земных недр, вплоть до конца 80-х годов, была основана на их работах, в которых использовались нормально падающие плоские волны. В изучении обратной задачи электроразведки Вы пошли дальше своих предшественников, включив в рассмотрение наклонные плоские волны, и получили здесь фундаментальные научные результаты. Эти результаты могли лечь в основу докторской диссертации по физико-математической специальности. Но, в это время, Ваши научные интересы привлекла информатика, которая тогда делала свои первые шаги. Информатизация образования в Казахстане и связанные с ней вопросы подготовки научно-педагогических кадров стали основой Вашей дальнейшей работы. Именно здесь Ваши труды стали широко известными в Казахстане и за его пределами и снискали Вам заслуженную славу. Многочисленные Ваши ученики доктора и кандидаты наук работают ныне во многих регионах Казахстана и России.

Дорогой Есен Ыкласович! В связи с Вашим юбилеем, примите мои наилучшие пожелания: здоровья, семейного благополучия, активной творческой работы в Вашей любимой области науки – информатике образования и педагогике. Счастья Вам и долгих лет активной жизни!

*Ваш В.Г. Романов,
доктор физико-математических наук,
профессор, член-корр. РАН,
Институт математики
им. С.Л. Соболева СО РАН, Россия.*

Дорогой Есен Ыкласович!

От имени коллектива Омского государственного педагогического университета сердечно поздравляем Вас с 75-летним юбилеем!

Лучшие годы своей жизни Вы посвящаете беззаветному служению науке на благо образования. Доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой, руководитель известной научной школы, председатель докторского диссертационного совета, автор многочисленных учебных пособий и монографий – это далеко не полный перечень Ваших достижений и званий.

Хорошо известна Ваша пионерская роль в создании первых программ и организации первых практических шагов информатизации школьного и педагогического образования, начиная с середины 80-х гг. прошлого столетия, консолидировавших усилия первых подвижников информатизации образования в Республике Казахстан на начальном этапе ее становления.

Являясь автором известных трудов и участником разработки многих школьных и вузовских программ, Вы являетесь признанным лидером информатизации в системе школьного и педагогического образования не только в Республике Казахстан, но и за ее пределами.

Нам приятно осознавать, что мы имеем возможность сотрудничать с Вами, Есен Ыкласович, начиная с самых первых шагов информатизации образования в СССР, и знаем Вас как замечательного человека, пользующегося заслуженным уважением среди своих коллег и сподвижников.

Присоединяясь к участникам научной конференции, приуроченной к Вашему юбилею, мы от всего сердца желаем Вам крепкого здоровья, неисчерпаемого оптимизма, счастья, исполнения задуманных планов во благо развития науки и подготовки научно-педагогических кадров высшей квалификации.

*С искренним уважением,
Академик Российской академии образования
М.П. Лапчик,*

*доктор педагогических наук, профессор,
заведующая кафедрой информатики
и методики обучения информатике М.И. Рагулин,*

*доктор педагогических наук, профессор,
заведующий кафедрой технологии
и технологического образования С.Р. Удалов*

Дорогой Есен Ыкласович!

Поздравляю Вас с юбилеем! Всякий раз, встречаясь с Вами, я видел перед собой не только многознающего ученого-исследователя новых путей подготовки учителей, но и остроумного и оптимистически настроенного человека, с которым приятно общаться. Здоровья и долголетия!

*С уважением Евгений Хеннер,
доктор физико-математических наук, профессор,
Пермский государственный университет*

Поздравляю дорогого именинника с Юбилеем!

Есен Ыкласович, ты замечательный человек, просто будь самим собой. Желаю не поддаваться годам, продолжать быть жизнерадостным, здоровым, радоваться каждому дню, быть полезным своим детям, внукам и правнукам, своим многочисленным и успешным ученикам, передавать им свой жизненный и профессиональный опыт. Особо желаю и призываю никогда не унывать и жить долго!

*Искренне, твой Николай Пак,
профессор, доктор педагогических наук,
Красноярский государственный педагогический
университет им. В.П. Астафьева*

К Юбилею Есена Ыкласовича Бидайбекова

Есену Ыкласовичу 75 лет! В это невозможно поверить...

У каждого человека в жизни есть люди, встреча и общение с которыми являются одними из главных, сыгравших ключевую роль в судьбе и жизненном пути. Для меня Есен Ыкласович и наша дружба, дружба семьями на протяжении почти тридцати лет, безусловно, являются таковыми. Для этого есть множество оснований – профессиональных и личностных.

Сложно найти более современные области в образовании, чем информатика и использование информационных технологий. Они являются новейшими на протяжении последних лет сорока, со времени массового внедрения информатики в школы. Все эти годы Есен Ыкласович не только активно занимался соответствующими проблемами сам, но и создал сразу две мощные научные школы – в области информатики и в области информатизации образования, «припиской» к которым гордятся его многочисленные ученики. Неслучайно эти школы, лидирующие в Казахстане, известны широко за его пределами. И всё это в то время, когда учёных и педагогов, профессионально занимающихся информатизацией образования, можно пересчитать по пальцам. Многие из педагогов, работающих в школах и вузах Казахстана и других стран, – ученики Есена Ыкласовича.

Есен Ыкласович – человек уникальный. Его стремление заниматься обучением, вносить вклад в развитие систем подготовки педагогов и научно-методическая деятельность позволили ему стать ведущим учёным и блестящим практиком в этой области, защитить кандидатскую и докторскую диссертации, опубликовать сотни научных и учебно-методических работ, руководить десятками успешных диссертационных исследований, десятилетиями возглавлять первую в педагогических вузах республики кафедру информатики.

Академик Российской академии информатизации образования Е.И. Бидайбеков – профессионал во всем. Область его научных интересов разнопланова и потому уникальна. Это и вычислительная математика, и совершенствование систем подготовки педагогов, и использование цифровых технологий в образовании, и обновление содержания обучения информатике, и развитие компетентности действующих учителей, и многое другое. А ещё за его плечами огромный труд по созданию первых в республике обучающих компьютерных программ на казахском языке – как новых уникальных, так и переведённых с других языков.

Поздравляю одного из самых близких мне людей, профессионального педагога и учёного, отзывчивого и ответственного человека – профессора Есена Ыкласовича Бидайбекова с юбилеем и желаю ему здоровья, новых творческих достижений и удачи!

*С уважением и признательностью,
Вадим Гриншкун,
профессор, доктор педагогических наук,
Московский городской педагогический университет*

Дорогой Есен Ыкласович!

Сегодня тебе исполнилось 75 лет. Это серьезный рубеж в жизни человека. Можно подвести итоги.

Мы знакомы более 30 лет. Мы вместе занимались Наукой и достигли результатов. Они были, есть и будут значимы всегда.

В жизни любого человека большое значение имеет его окружение, люди, прошедшие вместе с ним жизненный путь. Прежде всего это семья. Любимая жена и любимые дети.

Ученики и соратники, помощники в тяжелых мирских делах. Слава Богу, все это есть в твоей жизни.

К сожалению, не смог лично приехать в Алматы и обнять тебя. Желаю тебе Здоровья, счастья и радости, дальнейших успехов в Науке и многих, многих лет жизни.

*Твой искренний друг,
член-корреспондент РАО, профессор
Сергей Георгиевич Григорьев,
Московский городской педагогический университет*

Глубокоуважаемый Есен Ыкласович!

Вы – выдающийся советский и казахстанский ученый и педагог нашего времени, внесший большой вклад в развитие математики и информатики, теории и методики обучения информатике и информатизации образования.

Позвольте от имени сотрудников Института математики и информатики Московского педагогического государственного университета, сотрудников кафедры теории и методики обучения математике и информатике и от себя лично поздравить Вас с 75-летним юбилеем.

Говорят, что 75 – это возраст мудрости, почета, уважения и славы. Мы желаем, чтобы для Вас он также был возрастом крепкого здоровья, благополучия и семейного счастья, а самое главное – возрастом новых творческих планов и свершений.

Я благодарна судьбе за встречу с Вами, за ту радость профессионального и человеческого общения, которую Вы щедро дарите всем нам. Я уверена, что впереди у нас – годы плодотворного сотрудничества с Вами, с Вашими учениками и друзьями.

*С глубочайшим уважением,
Людмила Босова,
заведующий кафедрой теории и методики
обучения математике и информатике МПГУ,
доктор педагогических наук, лауреат премии
Правительства РФ в области образования,
Заслуженный учитель РФ*

Есен Ықыласұлы – дүние жұмбағына жаны құмар ғалым

Тұла бойы тарихқа толы Тараздың Таласының бойында дүниеге келіп, қалың қазақтың Қаратауының мектебін күміс медальмен бітірген Есен Ықыласұлы 16 жасында өткен ғасырдың 61 жылы қарашаңырақ білім ордасы ҚазМУ-дың механика-математика факультетінің математикасына аңсары ауып келіп, Алматыдай астанада алғаш амандасқанымызға биыл мұсылман календары бойынша 61 жылға жуықтады.

Есен Ықыласұлынан үш жас үлкендігім бар, екі жыл еңбек тәрбиесімен ысылғандығым тағы бар, дене тұрпатым жағынан да қасыма жақындағандаодан ірірек екендігімді сезінгенім қоса бар, оны алғаш көргенімде Алла тағала осындай аузынан ана сүті әлі кеппеген баламен бірге оқуды жазғаны ма деп, олқылана ойланғаным рас.

Кейін, мектеп математикасына жетіктігін көріп, ішекті аспаптардың барлық түрін тарта білетіндігіне сүйсініп, сол заманғы билердің түгел меңгергеніне тәнті болып, рухани мәселелерге

байланысты ойларының өрісті екенін біліп, Бала-биді көргендей болдым. Алладан іштей кешірім өтініп, екеуміз ағалы-інілі жолдас-дос болып кеттік.

Биыл 1150 жылдығын тойлағалы отырған Ұлтымыздың ұлы Ұстазы әл-Фарабидің алғашқы ұстазы Йуханна ибн Хайлан Әбу Насырға «Есеп – дүние жұмбағы» деп сөзін бастаған екен. Сол асыл ғұлама айтқандай, Есен Ықыласұлы – жас кезінен жаңалықты дүние жұмбағына жаны құмар Азамат.

– Ол төменгі курс студенті кезінде өз бетімен айнымалы массалы денелер механикасымен айналысқысы келіп жүрді (шамасы, космосты игеру кезеңінің әсері, профессор В.А.Сапаның ықпалы болуы мүмкін). Бұл – сол замандағы тартымды тақырып болатын.

– Кейінірек, алғашқы есептегіш машиналар пайда болып, есептеу математикасына ылығып, сандық әдістер, жуықтап есептеу әдістеріне құмарланғанын байқағанбыз. Ол кез университетке Москва-Новосибирск іспетті ғылыми орталықтарынан кейінгі академиктер Қ.Ә.Қасымов пен Ө.М.Сұлтанғазин ғылым кандидаттары болып келген шақ-ты.

– Университеттегі оқуын сапалы аяқтап, сол ағалары салған үлгімен Есен Ықыласұлы Новосибирск қаласына барып, Лаврентьев М.М. (мл.) негізін салған жер құрылысын зерттеуден шығатын дифференциалдық теңдеулер үшін көпөлшемді кері есептер проблемасымен шұғылданып, нәтижелері көрнекті баспаларда жарияланған зерттеулер жүргізді.

Осы аталған ғылыми салалары бойынша Есен Ықыласұлы ғылыми-зерттеушілік дағдыларын дамытып, ақпараттық ой-өрісін кеңейте түсті.

– Есен Ықыласұлының осылайша ғалымдық деңгейі көтеріліп, ұстаздық тәжірибесі молығып, қылшылдаған қырық жасқа толған кезінде, Кеңестік Одақта 1985 жылы ғылымның жаңа саласы – жаппай компьютерлендіру кезеңі басталды. Бұл кезеңге Ол арнайы дайындықпен келгендей болды. Себебі, 1) сол кездегі есептеуіш техникалардан оның хабары мол еді, 2) сандық есептеулер мен жуықтап есептеулер әдістерінің негіздерін меңгерген болатын, 3) білім-ғылым салаларын ақпараттандыру жаңа басталып жатқан кез тұғын, 4) ұстаздық тәжірибе, ғалымдық-ізденіс дағды, ой-өрістің кемдігі жоқ болатын.

Сөйтіп, Есен Ықыласұлы дүниенің кезекті келесі жұмбағын шешуде Республика көлемінде көшбастаушы болып отырғанына куә болып отырмыз.

Нәтижесінде Есен Ықыласұлы ғылым докторы, профессор, академик атанып, ішінде 60-тан астам монографиясы бар, 600-ге тарта еңбек жариялап, 40-қа жуық ғылым кандидаттарын және 15-ке тарта ғылым докторын дайындаған, грамота-медаль-орден марапатты, мемлекеттік стипендия-премия лауреаты атанып отырған, елге еңбегі сіңген, халқымыздың қалауымен болған ғалым.

Есен Ықыласұлы, бүгінгі күні өзімнің атымнан, бірге оқып, бірге жүрген көп жолдас-достарымыздың атынан 75 жасқа толуымен құттықтаймын. Зор денсаулық, жемісті еңбек, отбасына амандық тілеймін.

**Жайшылық Алмағанбетұлы Сартабанов,
Қазақстан Республикасының жоғарғы мектебіне
еңбегі сіңген қызметкер, ҚазҰЖҒ Академиясының академигі,
физика-математика ғылымдарының докторы, профессор
Ақтөбе 02.10.2020 ж.**

Есен Ықыласұлын, ұмытпасам 1965 жылы студенттік жатақханада таныстым. Ол менен екі курс жоғары оқығана қарамай мені өзіне жақын тартып, өзінің жайдарлы жарқын мінезімен мені өзіне жолдас қылып, маған біраз үлгі, өнеге берді. Солардың бір екеуін айтайын. Мені, өзі қатысып жүрген университетің би үйірмесіне қатыстырып, әлемдік билермен қатар қазақша билердің қыр-сырларын үйреткен еді. Екінші бір менің есімнен кетпес, Есен Ықыласұлының жасаған өнегесі туралы айтайын. 1973 жылдың жазы, мен оқуды бітіргеннен кейін Алматыға жаңа оралған кезім, көшеде Есен Ықыласұлымен кездесіп қалып, біраз әңгімелескеннен кейін, сен ғылыммен айналасуың керек, сондықтан күзде Новосибирсктің Академиялық қалашығында математиканың кері есептерінің геофизикадағы қолданыстары деген Одақтық бірінші ғылыми конференция болады соған кел, үлкен ғалымдарды, ғылыммен айналасып жүрген өзіндей жастарды көресің, ол жақта жүріп тұру жағын өзім мойныма алам деді. Сонымен мен өмірімде бірінші рет үлкен ғылыми конференцияға қатысып, үлкен ғалымдармен танысып жүргенімде, құдай, аруақтар айдаған себептермен академик А.Н. Тихоновтың жанында болып, ол кісі менің қадамыма оң тілеп, өзінің рюмкасын ұсынып алып қоюымды сұрады. Қазір оны үлкен ырым деп түсініп жүрмын.

Осындай жол көрсеткен кеңпейілді, жарқын жүзді, құрметті Есен Ықыласұлын келе жатқан туған күнімен, саламатты салмақты 75 жасқа толуымен шын жүректен құт-тықтаймын! Денсаулығыңыз зор болып, ғылымда үлкен жетістіктерге жетіп, жастарды өмірге, отан мен ұлтымызды ардақтауға баулуға үлесіңіз арта берсін!

*Құрметпен, физика-математика
ғылымдарының докторы,
профессор, ҰҒА академигі
Рысқұл Ойнарұлы*

Аса қадірменді п.ғ.д., профессор Есен Ықыласұлы!

Сізді Жамбыл облысы информатика пәні мұғалімдері және ЖОО информатика және математика кафедралары оқытушылары атынан, өз атымыздан шын жүректен мерейлі жасыңызбен, тойыңызбен құттықтаймыз!

Сізді біз Республика математика және информатика ғылымдары салалаларының көрнекті ғалымы ретінде білеміз, іргелі ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстарыңызбен таныспыз, өте жоғары бағалаймыз.

Сізді Республика деңгейінде информатика ғылымының және мектептік информатика саласының негізін қалаған, оның қалыптасуына және оның халықаралық деңгейге көтерілуіне, дамуына зор еңбек сіңірген тұлға ретінде білеміз.

Сол үшін Жамбыл облысының информатика пәні мұғалімдері Сізге зор алғыстарын білдіреді. Сіздің бұл бағыттағы Қазақстанды Халықаралық деңгейге шығарудағы еңбегіңізді қоғам және мемлекет жоғары бағалайды деп сенеміз.

Сізге және отбасыңызға, Сіздің ғылыми мектебіңізге үлкен табыс тілейміз! Әлі де Қазақстанның осы бағыттағы дамуына өлшеусіз үлкен үлесіңізді қоса бересіз деп сенеміз. Сізге зор денсаулық және ғылымда жаңа жетістіктер, нәтижелерге жете беруіңізге тілектеспіз.

*Аса үлкен ілтипатпен және құрметпен, тілек білдірушілер
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті профессорлары,
физика-математика ғылымдарының докторы Мұратбеков М.Б.,
физика-математика ғылымдарының докторы Мүсілімов Б.*

Ұлағатты ұстазымыз 75 жаста!!!

Педагогика ғылымдарының докторы, Ресей білім беруді ақпараттандыру академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Жоғары аттестаттау комиссиясының математика профессоры, Қазақстан Республикасы Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі Бидайбеков Есен Ықыласұлы 75-жасқа толып отыр.

Өмір жолын ғылымға арнаған, ғылым ішінде адамзаттың дамуына үлкен үлес қосатын Педагогика ғылымына өте көп еңбек сіңірген Есен ағайымыз 1985-1987 жылдары Қазақстан Республикасындағы «Информатика және есептеу техникасы негіздері» мектеп курсының мазмұны мен оқыту әдістемесін қалыптастыруда атсалысқан және 2010-2014 жылдары информатика, математика және білім беруді ақпараттандыру кафедрасын басқарды. Ғылыми-педагогикалық қызметі академик Ө.М. Сұлтанғазин (ҚР ҰҒА), академик Ш.С. Смағұлов (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ), академик М.О. Өтелбаев, корреспондент мүше РҒА профессоры С.И. Кабанихин, АИО академигі, SOMASH Жоғары мектебінің корреспондент мүшесі, профессор Н.И. Пак, профессорлар Н.Т. Темірғалиев, А.Ш. Шәріпбаев сынды аты әлемге әйгілі ғалымдар мен оқытушылармен тығыз байланыста жүзеге асырылды.

Бүгінгі мерейтой иегері Есен ағайымыз 600-ден астам ғылыми жұмыстардың, оның ішінде 60 монография, оқулықтар мен университеттерге арналған оқу-әдістемелік құралдардың авторы. Оның жетекшілігімен 12 докторлық диссертация, 4 докторлық және 31 кандидаттық диссертация қорғалды, оның 4-уі математикалық мамандықтарда, қалғандары 13.00.02 «Оқыту мен тәрбиелеудің теориясы мен әдістемесі (информатика)» мамандығы бойынша екен.

Осындай ғылым тауына жастарды жетелеген жетекші Ұстаз біздің М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің ғалым аға-әпкелеріміздің де өмір жолында ғылыми із қалдырған.

«Ақпараттық технологиялар, автоматика және телекоммуникациялар» факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты Г.Муратова Есен ағайымызды өте талапшыл, өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын, шәкірттерінен де шығармашылық ұшқын іздеп, қатал талап қоятын кісі ретінде әңгімелеп берді: «Есен ағайымыз мен кандидаттық диссертация қорғау барысында Кеңейтілген докторлық диссертация кеңесінің ғалым хатшысы болатын. Осындай сындарлы да талапшыл кісінің алдынан өткеніме әлі күнге дейін ризашылығымды білдіремін. Ғылыми еңбегімді жан-жақты дәлелдеп, Есен ағайдың өз әдістемесінен өту оңай болған жоқ. Күнделікті жұмысымды толықтырып, жаңаша қарастыруды, жеке жаңалық ашуда тың жол табуға талпындырды. Осындай тер төге отырып, Есен ағайымыздың үлкен марапатына ие болдым. Менің ғылыми жұмысымды жақсы бағалаған ағайым бір пікірберуші ретінде өз заманының мықты тұлғаларының бірі – Лапчик Михаил Павловичті ұсынды. Осылай авторефератыма Омбы мемлекеттік педагогикалық университетінің проректоры Михаил Павловичтің пікір беруіне бірден бір себепкер Есен Ықласұлы болатын. Біздей білім қуған жастарға тәлімгер бола білген ұлағатты ғалым ағайымызды мақтан тұтамыз!»

«Ақпараттық технологиялар, автоматика және телекоммуникациялар» факультетінің «Қолданбалы информатика және бағдарламалау» кафедрасының меңгерушісі, техника ғылымдарының докторы, профессор М.Тлебаев: «Есен Ықласұлы – менің Ұстазым! Ғылымға көп үлес қосып, жастарға үлгі болған, өз мақсатым мен арман жолымда бізге сындарлы жол көрсетіп отырған ағайымызды бүкіл Қазақстанға еңбегі зор» - деп айтып өтті.

Жалпы Қазақстанның барлық ғылымсүйер қауымына және әлемге аты мәлім Есен Ықласұлы ағайымыздың марапаттаулары ұшан теңіз: «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі», «ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Құрмет грамотасы», «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері», «ЖОО-ның үздік оқытушысы», «Информатикаға және білімге қосқан зор үлесі үшін», медальдары мен төсбелгілері және дипломдарына қоса «Ерекше жетістіктері» үшін шет елдерден де алтын медальдар иегері болған.

Жамбыл облысы, Талас ауданы, Аққұм ауылында ғана дүниеге келген қарапайым бүлдіршін баланың ғылымға құштарлана қанат қағып, Ұстаздықты мақсат еткен барлық ғылымсүйер жастарға жол көрсете білген, өзіндік ағайымызға төмендегі жүрекжарды жырымызды арнаймыз:

Түлеп ұшқан Тараздай шаңырақтан,
Бұлақтайын даланы жарып аққан,
Ғылыми мектебі бар Есен аға –
Ойға жүйрік, озатын арғымақтан.
Айтсам бүгін сырымды жарып ерек,
Адам үшін ғылымдай дәрі керек,
Ғалымдарға тәлімгер Аға болған
Есен ағай бәрінен қадірлірек!
Ашылмаған ғылымның заңдары көп,
Өз мектебін жүретін алға сүйреп,
Шын ғалымды дүниеге алып келген,
Топырағының **Тараздың** арманы жоқ!

Аса үлкен құрметпен, тілек білдірушілер
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің
техника ғылымдарының докторы, профессор Тлебаев М.Б.,
техника ғылымдарының кандидаты, доцент Муратова Г.И.,
техника ғылымдарының кандидаты, доцент Абдимомынова М.М.

Құрметті Есен Ықыласұлы!

Ұстаз болу білімділікті, ізденімпаздық пен табандылықты қажет ететін мамандық. Білікті ұстаз – білімді ұрпақ кепілі. Әлихан Бөкейхановтың «Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деген сөзі қадірлі ұстаз өзіңіз туралы айтылғандай. «Білім инемен құдық қазғандай» тағылымына сай ерінбей ізденіп, ерінбей екшеп, терең оймен тұжырымдап жазған ғылыми еңбектеріңіз шәкірттеріңіздің қолдарынан түспейтін құнды кітаптарына айналған. Ғылыми ортада, ұстаздар қауымында дәрежеңіз қаншалықты биік болса да кез келген ортада өзіңізді қалыпты ұстай білетін жайдары мінезіңізбен, өресі биік парасаттылығыңызбен ерекшесіз.

Тәжірибелі ұстаз ретінде өз әріптестеріңіздің арасында беделіңіз жоғары. Азамат ретінде де, ұстаз ретінде де еліміздегі ғылымның дамуына елеулі үлес қосқан адамсыз. Мемлекетіміздің жоғары білім жүйесіндегі, ғылым саласындағы қордаланған мәселелердің оң шешімін табуына да сіңірген еңбегіңіз жетерлік.

Ғылыми еңбекпен айналысқан біз сияқты шәкірттеріңізге зор жауапкершілікпен қарадыңыз. Ғылыми ізденістерімізге дұрыс бағыт-бағдар бердіңіз. Бұның бәрі Сіздің еңбекке деген ерекше құрмет көрсетуіңіз деп білемін. Ғылым жолында табанды да жігерлі болуды да Сізден үйрендік.

Мерейіңіз әрқашан да үстем бола берсін! Еңбегіңіздің жемісін көре беріңіз! Әр күніңіз жақсы тілектерге толы болсын құрметті ұстаз!

*Ізгі ниетпен, оқушыңыз Дүйсенбек Абдраимов,
педагогика ғылымдарының докторы*

Құрметті Есен Ықыласұлы!

Сіз қазақтың жоғарғы білім беру қара шаңырағының ордасында ұзақ жылдар бойы информатика саласында білім беріп, сол білім беру ісін дәйектілікпен ұйымдастырып келе жатқан еліміздегі ірі тұлғалардың бірі ғана емес, бірегейісіз. Сан мыңдаған болашақ ұстаздарды қара шаңырақтың ақ босағасынан аттандырған ұстаздардың ұстазы, талантты ғаламсыз.

Сіздің парасатты да, құнарлы ойыңыздан нәр алған 11 ғылым докторын, 31 ғылым кандидаттарын және 4 PhD даярлап, шығарған өзіндік ғылыми мектебі қалыптасқан кесек тұлғасыз. Мұндай бақ пен абырой екінің біріне бұйыра бермесе керек! Сіздей ғылым көкжиегінің көреген жетекшісі ел құрметіне әбден лайық! Өйткені Сіз және сіздің шәкірттеріңіз отанымыздың игілігіне айтарлықтай үлес қосып келеді. Бұл ұлағатты ісіңіз жалғаса береріне сенімім зор.

Мен Сіздің замандасыңызбын. Менің балаларым: Сағымбаева Айнұр педагогика ғылымдарының докторы профессор; Сағымбаев Мейірлі IT маманы, IT компанияның директоры. Екеуі де Сіз басқарып отырған кафедрадан оқып, білім алған. Сол үшін де бүгінгі мерекелі сәтте үлкен **АЛҒЫС** айтуды әкелік парызым деп санаймын.

Төл мерекеңіз құтты болсын! Еңбегіңіздің игілігін халқыңыз көрсін, жасай беріңіз!

*Құрметпен, Сағымбаев Есенғазы,
зейнеткер-ұстаз, ҚР Білім беру ісінің үздігі,
Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай
ауданының құрметті азаматы*